


2020 жылдың 23 қыркүйек күні Новый орта мектеп-лицейінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында барлық класта "Қауіпсіз ғаламтор" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.





2020 жылдың 7-8 қазан күні мектеп психологы Мулдагазина М.Е және мектеп инспекторы Ермекбаев Д.Е 8-11 кластар аралығында "Жасөспірімдер арасындағы интернет-тәуелділік" тақырыбында түсіндірме жұмыс жүргізді.



2020 жылдың 12 қазан күні мектеп психологтары Мулдагазина М.Е және Султашова А.К 8-11 класс ата-аналарына «Балалардың психикалық денсаулығы» тақырыбында ақпараттық түсіндірме жұмысын жүргізді.

Мақсаты:

- ◆ □ Психикалық денсаулықтың бұзылуының алдын алу.
- ◆ □ Психикалық денсаулықты сақтаудың маңызды тұстарымен таныстыру
- ◆ □ Психикалық денсаулықты сақтау шараларын ұсыну.

Ата-аналар ұсынылған ақпарат бойынша сұрақтарға жауап беріп, кері байланыс орнатып, белсенді қатысты.



Оқушылар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары сана мен мәдениетті дамыту, адалдыққа тәрбиелеу, бір-бірімізге деген сенімді қалыптастыру мақсатында ашылған "Адалдық дүкені" биылғы оқу жылында да жұмысын жалғастырып жатыр.



Новый орта мектеп-лицейінде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» мақсатында жүргізілетін жұмыс жоспарына сәйкес барлық кластарда тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты:

- "Сыбайлас-жемқорлық" ұғымын түсіндіру, жемқорлықтың алдын алу.
- Жас ұрпақты мемлекет ісіне жауапкершілікпен қарауға және әділдікке тәрбиелеу.





2020 жылдың 9- қараша күні ҚББ-нің "Қазақстан балалары-күзгі интерактив" оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстары негізінде "Асар" челленджін Новый орта мектеп - лицейінің 9 "Ә" класс оқушылары мен класс жетекшісі Ж.Исағалиев жалғастырды. Олар Жаңақоныс елдімекенінің тұрғыны, 1936 жылы дүниеге келген ардагер Т.П.Петрованың үйіне барып, ауласын жинап қол ұшын берді.




12.11.2020ж күні Новый орта мектеп-лицейінің тарих және дінтану пәнінің мұғалімі Ж.Б.Алиев "Қазіргі заманғы дін мен қоғамның ықпалдастығы" тақырыбында мектеп оқушыларымен ақпараттық-түсіндіру жұмысын өткізді.
Мақсаты: жастарды теріс діни ағымдардың жетегінде кетуден сақтау болып табылады.
Кездесу барысында оқушылардың ғаламтор ресурстарын тиімді пайдалану барысында

"Діни мазмұндағы теріс " контенттерден қалай сақтану туралы түсінік берілді. Отбасы, қоғам, мемлекет үштігі туралы жан-жақты ақпарат қамтылды.



2020 жылдың 12- қараша күні ҚББ-нің "Қазақстан балалары-күзгі интерактив" оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстары негізінде Новый орта мектеп- лицейінің 7 "А", 7"В" класс оқушылары Ақтөбе өңірінен шыққан танымал спортшылардың бірі, Қазақстанның каратэ спортынан 6 дүркін чемпионы, Азияның күміс жүлдегері Нұрқанат Азикановпен @azhikanov.n "Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз" тақырыбында онлайн кездесу өткізді. Кездесу барысында оқушылар өздерінің спортқа қызығушылықтарын танытып, көптеген сұрақтар қойды. Спортшымыз Нұрқанат Азикановқа жаңа жеңістер тілейміз! Оқушыларымызға өңіріміздің танымал спортшысымен кездесуге мүмкіндік жасаған класс жетекшілері С Хамзаева мен М.Тыныштықоваға алғыс білдіреміз!




2020 жылдың 12 қараша күні мектеп психологтары оқушылардан «Діни ағымдарға көзқарасыңыз» атты сауалнама алды.

Сауалнаманың мақсаты: Оқушылардың діни сауаттылығын, діни ағымдарға деген көзқарастарын анықтау. Жасөспірімдердің діни сауаттылығын бағалау.





2020 жылдың 12 қараша күні мектеп психологтары және гинеколог маманның қатысуымен 9-11 класс қыздары арасында "Жеке бас гигиенасы және ерте жүктіліктің алдын алу" тақырыбы бойынша ZOOM платформасы арқылы онлайн-кездесу өтті. Мақсаты: гигиенаны сақтау, ерте жүктіліктің алдын алу, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді ұрпақ тәрбиелеу.



2020 жылдың 13 қараша күні оқушылардың күзгі демалысын ұйымдастыру негізінде Новый орта мектеп - лицейінің 8 класс оқушыларымен "Өз құқығыңды біл! тақырыбында Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының №1ҚПБ ЖПҚ КІТЖ УПИ полиция аға лейтенанты Д. Ермекбаевпен онлайн кездесу өткізілді. Кездесу барысында оқушылар сұрақтарын қойып, жауаптарын алды. Сонымен қатар оқушыларға мектеп ережесі, міндеттері, құқықтары туралы айтылды.



Новый орта мектеп-лицейі бойынша коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында қауіпсіздік шаралары үнемі сақталып отырылады.



Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген "Таланттар жәрмеңкесі" байқаында оқушы жүлделі орынға ие болды.







Қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыруымен өткізілген "Мектебімді сағындым" байқауында жүлделі орын алды.



2020 жылдың 19 қараша күні "АДАЛ ҰРПАҚ-МӘҢГІЛІК ЕЛ БОЛАШАҒЫ" тақырыбында оқушыларға адам құқықтары, рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбие беру, "жемқорлық" ұғымын түсіндіру мақсатында мектеп-лицейіміздің "Адал Ұрпақ" еріктілер клубының мүшелерімен түсіндірме сағаты өтті.



2020 жылдың 19 қараша күні Новый орта мектеп-лицейі бойынша "Қамқоршылық" кеңесінің мүшесі С.А. Ахажанова мектеп-лицейдің санитарлық жағдайымен және коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатындағы іс-шараларымен танысты.



2020 жылдың 19 қараша күні мектеп психологтары 10 класс оқушыларына Zoom платформасы арқылы "Мен жарқын болашақты таңдаймын!" тақырыбында психологиялық кеңес өткізді.


Мақсаты: Оқушылардың мамандықтар туралы көзқарасын дамыту, алдағы уақытта мамандық таңдауда дұрыс жолда болуына себепкер болу, таңдаған мамандығының өз бейімділігі мен қабілетіне сәйкес келуін нақтылау, өз — өзін танудың жалпы әзірлігін қалыптастыру.



1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күніне орай 30 қараша күні Новый орта мектеп-лицейінде "Елі сүйген,елін сүйген Елбасы" атты бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.

Мақсаты:

- 1) Қазақ халқының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туып өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру;
- 2) Елбасының өмір жолынан үлгі ала отырып, Отанын халқын сүйуге, ержүректілікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу



1-желтоқсан "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні" қарсаңында Новый орта мектеп- лицейінде 1-11 класс оқушылары "Тәуелсіздіктің 7 қыры" деректі фильмін қарап,

1. Атқа міну мәдениеті
2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия

3. Аң стилі
 4. Алтын адам
 5. Түркі әлемінің бесігі
 6. Ұлы Жібек жолы
 7. Қазақстан – алма мен қызғалдақтың отаны
- туралы ақпарат алды.



2020 жылдың 7 желтоқсан күні Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында "Тәртіп сақшылары" отрядының мүшелері рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүкен, дүңгіршек, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралады.




8 декабря 2020 года в 5 "И" классе прошёл открытый тренинг урок На тему: "В мире эмоций"

Цель урока познакомить с основными эмоциями и научиться определять эмоциональное состояние человека. Ученики активно участвовали в тренинге и выполняли упражнения. Школьные психологи: А.Сұлташева, М.Мулдагазина



Новый орта мектеп- лицейінің 9-11 класс оқушылары үшін 2020 жылдың 9- желтоқсан күні мектепшілік жоспарға сәйкес Ақтөбе облысы "Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі" мемлекеттік мекемесінің "Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстарын ұйымдастыру" бөлімінің аға инженері азаматтық қорғау капитаны Жылкайдар Ердос Маралбайұлымен онлайн кездесу ұйымдастырылды.

Кездесу барысында оқушылар өрт қауіпсіздігінің ережелерімен қатар,өрт сөндіруші мамандығына түсу жолдары туралы да ақпарат ала алды.




Новый орта мектеп-лицейінде "Өрт қауіпсіздігінің ережелері" апталығының жоспары бойынша 1-4 кластар аралығында "Өрт-тілсіз жау" тақырыбында класс сағаты өткізілді.



2020 жылдың 12 желтоқсан күні Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында "Тәртіп сақшылары" отрядының мүшелері рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүкен, дүңгіршек, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралады.



2020 жылдың 14 желтоқсан күні Новый орта мектеп-лицейінде 16 желтоқсан- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында zoom платформасы арқылы "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты қабылдау жиыны өтті. Қабылдау рәсіміне "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы "РҚБ Ақтөбе облыстық төрайымы А. Таирова және қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің әдіскері Л. Мәдемуханова қатысты. Ұйым қатарына 132 жас қыран, 116 жас ұлан қабылданды.



Новый орта мектеп-лицейінде
16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында барлық класта

тәрбие сағаты өткізілді.



2020 жылдың 25 желтоқсан күні Новый орта мектеп – лицейінде "Астана ауданы" әкімдігі тарапынан бөлінген 50 жаңа жылдық сыйлық аз қамтылған, көп балалы, АӘК алатын оқушыларға таратылды.



Новый орта мектеп-лицейінде ҚББ-нің "Қазақстан балалары –қысқы ғажайып!" атты оқушылардың қысқы демалысын ұйымдастыру бойынша ұсыныстары негізінде "Біздің отбасылық жәдігерлеріміз " атты онлайн көрме ұйымдастырылды.





2021 жылдың 16 қаңтар күні Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында "Тәртіп сақшылары" отрядының мүшелері мен мектеп инспекторы Д.Ермекбаев рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүкен, дүңгіршек, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралады.



2021 жылдың 18 қаңтар күні Новый орта мектеп-лицейі бойынша "Қамқоршылық кеңесінің" төрағасы Т.Табылғанов мектеп-лицейдің санитарлық жағдайымен және коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатындағы іс-шараларымен танысты.



2020-2021 оқу жылының ІІІ тоқсанында 5,9,11 класс оқушылары дәстүрлі форматта оқуды бастады. Осыған байланысты Новый орта мектеп- лицейінің медбикесі Н.Бақыткерей коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында аталған кластарда ақпараттық- түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Оқушыларға арақашықтық сақтау, бетперде кию сияқты т.б ережелерді ескертті.



Новый орта мектеп-лицейінде құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, бопсалауды болдырмау мақсатында мектебіміздің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М. Конисбаева және мектеп инспекторы Д.Ермекбаев 9,11 класс оқушыларына түнгі қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау үшін түсіндірме жұмысын жүргізді.



2021 жылдың 18-19 қаңтар күндері мектеп психологтары 5 класс оқушыларынан мектепке бейімделу деңгейін анықтау мақсатында С.В.Левченконың "Мектептегі сезім" атты сауалнамасын жүргізді.



2021 жылдың 28 қаңтар күні мектеп психологтары бітіруші түлектерден ҰБТ-ке психологиялық дайындығын анықтау сауалнамасын алды.

Мақсаты: Түлектердің психикалық, эмоциялық сезімдерін бақылау.



2021 жылдың 29-30 қаңтар күндері Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында "Тәртіп сақшылары" отрядының мүшелері мен класс жетекшілер рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүкен, дүңгіршек, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралады.




2021 жылдың 15 ақпан күні мектеп психологтары 3 класс оқушыларына “Өзіңді таны” тақырыбында психологиялық тест жүргізді.

Мақсаты: Оқушылардың “Мен” бейнесін қалыптастыра отырып, ата-ана, ұстаз, достарымен тығыз байланыс орнатуға, өз ортасына бейімделуге ынталандыру.



2021 жылдың 16 ақпан күні Новый орта мектеп- лицейінің 9-11 класс оқушыларына кәсіби бағдар беру мақсатында Ақтөбе сервис колледжінің оқытушысы Ботакөз Сағынғанқызымен онлайн кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында оқушылар колледж туралы сұрақтарын қойып, ақпарат алды.



Ақтөбе облысы білім басқармасының 2020-2021 оқу жылына құрылған ҚР Мемлекеттік рәміздерін ұйымдастыру мақсатында құрылған жоспарға сәйкес және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында 2021 жылдың 16 ақпанында мектеп- лицейімізде "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін білеміз бе?" тақырыбында оқушылар арасында сауалнама жүргізілді.



Новый орта мектеп-лицейінің "Адал ұрпақ" еріктілер клубының мүшелері мектеп ауласын қардан тазалауға көмектесіп, кіші қызметкерлердің шаруашылығындағы жұмыстарына қолғабыс етті.



Ақтөбе облысы білім басқармасының 2020-2021 оқу жылына құрылған ҚР Мемлекеттік рәміздерін ұйымдастыру мақсатында құрылған жоспарға сәйкес және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру мақсатында кластарда тәрбие сағаты өтті.



Мемлекеттік рәміздер- Тәуелсіздік нышаны.

5 "Г" класс



Үздік жобалардың бірі-«Өміріңді кітаппен көркемде»

Мақсаты:

кітап оқу мәдениетін қалыптастыру

ұлттық әдебиетіміздің ең үздік туындыларын насихаттау

кітапты күтіп ұстауға, оны дұрыс таңдауға, кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу.

Жетекші: Досмағанбетова М. К.



Үздік жобалардың бірі- «Дәмежан апайды тыңдайық!»

Мақсаты:

Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт дәстүрлерін қыз баланың бойына сіңіре отырып, әдептілікке, сыпайылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу.

Жетекші: Қыстаубаева Д.М.



Үздік жобалардың бірі- «Қызықты роботтар әлемі»

Мақсаты:

оқушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру
заман талабына сай білімді ұрпақты тәрбиелеу
робот құрастыруға үйрету, бағдарлама енгізуге дағдыландыру

Жетекші: Исағалиев Ж.А.



Үздік жобалардың бірі- «Жасыл мектеп»

Мақсаты:

Әр оқушының экологиялық білімін арттыра отырып, олардың табиғатқа деген қарым– қатынасын қалыптастыру
гүл өсірудің қыр-сырын үйрету арқылы жаны нәзік, қайырымды, табиғатқа жанашыр, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Жетекшілері:

Жангабылова С. Т.

Татаманова Г. Б.





2020 жылдың 15-16 наурыз аралығында мектеп психологтары 4 класс оқушыларына арналған әдістемелер жүргізді. Оқушылардың “Қайталанбайтын суретті тап”, “Ретімен белгіле” жаттығуларын орындауы арқылы есте сақтау қабілетін тексерді. Оқушылар тапсырмаларды белгіленген уақыт ішінде шапшаңдық танытып, тапсырмаларды орындап шықты.



Тұңғыш Президент қорының бастамасымен қолға алынған, жастарды кешенді дамытуға бағытталған ұлттық деңгейдегі «Елбасы медалі» республикалық жобасының негізгі 7 бағыты бойынша (спорт, таланттар мен дағдылар, кітап оқу, Ұлттық мұра, волонтерлік, экспедициялар мен жорықтар, еңбек практикасы) жарты жыл бойы жұмыс жасап, берілген тапсырманы уақытында тиянақты орындап, «ҚОЛА» медаліне мектебіміздің 5 оқушы ие болды.





Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығының ұйымдастыруымен, «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Ақтөбе облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігі мен «Ақтөбе облысы және Ақтөбе қаласы білім беру қызметкерлерінің жергілікті кәсіподағы» қоғамдық бірлестігінің қолдауымен 2021 жылдың 19 наурыз күні Ақтөбе қаласындағы Шығармашылық Академиясында 23-33 жас аралығындағы педагогтердің қатысуымен өткен «Қазақтың текті келіні» атты облыстық байқауына қатысып, «Бас жүлдеге» ие болған мектебіміздің әлеуметтік педагогі Аманжолова Гүлназ Бауыржанқызын жеңісімен құттықтаймыз!



2021 жылдың 30 наурыз күні оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында АПФ форматында пікірсайыс өткізілді.

Қарар тақырыптары:

- ◆Бұл палата білім берудің қашықтықтағы формаса тиімді деп санайды;
- ◆Бұл палата “Балаларға қандай мамандық таңдау қажеттігін ата-ана шешуі тиіс” деп есептейді;

Оқушылар формат бойынша кейс құрып, қарсылас командаға мардымды қарсылықтарымен пікір таластырды.

Жетекшісі: мектеп психологы Мулдагазина М.Е



2021 жылдың 1 сәуір күні кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің, ерте жүктіліктің оларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында 6-10 класс оқушыларының ата-аналарына ZOOM платформасы арқылы жиналысы өткізілді.

Күн тәртібінде:


1. "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" Д.Ермекбаев - мектеп инспекторы.
2. "Жасөспірімдер арасында суицидтің және зорлық-зомбылықтың алдын алу" М.Мулдагазина, А.Сұлташева - мектеп психологтары.
3. "Ерте жүктіліктің алдын алу" А.Қыңыртбаева - гинеколог дәрігер.



2021 жылдың 3- сәуірі күні Новый орта мектеп- лицейіндегі 9 класс оқушыларының ата-аналарымен кәсіптік бағдар беру мақсатында Ақтөбе байланыс және электротехника колледжінің мамандары онлайн түрде жиналыс ұйымдастырды.

Жиналысқа колледж оқытушылары қатысты.

Мақсаты: негізгі мектепті бітіруші түлектердің мамандық таңдауына көмек беру.



Ақтөбе облысының білім басқармасы “Ақтөбе - Дарын” ғылыми - тәжірбиелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 2021 жылғы 5-9 сәуір аралығында Білім алуға ерекше қажеттіліктері бар шығармашылық фестивалінің іріктеу туры өткізілді.

Республикалық “Жұлдызай” шығармашылық фестивалінің іріктеу турынан Новый орта мектеп-лицейінің 8 “б” класс оқушысы Бақдаулет Саяжан III - орын иеленді.

Жетекшілері: Мектеп психологтары және музыка пәні мұғалімі Калыкова А.



«Вокал» номинациясы

Үлкен топ: 15-18 жас

Қатысушының аты-жөні	Ауданы	Мектебі	Жүзделі орын
Қуспан Арун	Мұғалжар	Қызылгаш калып №8 орта мектебі	I
Надирғалиев Берік	Ақтөбе	№19 орта мектебі	II
Бақдаулет Саяжан	Ақтөбе	Новый орта мектеп-лицейі	III
Мүрөтқалиев Еріур	Қызылгаш	В.И.Павлов атындағы орта мектебі	III
Мұхамбетов Алтынбек	Өйтеке би	Талдықой орта мектебі	Мектеп
Ермеков Асқол	Ақтөбе	№66 орта мектебі	Мектеп

2021 жылдың 12 сәуір күні Новый орта мектеп-лицейі бойынша "Қамқоршылық" кеңесінің төрағасы Т.Табылғанов коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында Новый орта мектеп-лицейінде жасалып жатырған іс-шаралармен, жаңадан алынған құрал-жабдықтармен танысып, мектеп-лицейдің санитарлық жағдайын көріп қайтты.




Ы. Алтынсариннің 180 жылдық мерейтойына орай Новый орта мектеп-лицейінің кітапханасында « Ұлт мақтанышы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.



2021 жылдың 19 сәуір күні Новый орта мектеп-лицейі бойынша "Қамқоршылық" кеңесінің мүшесі, «Шаңырақ Ақтөбе» қоғамдық қорының құрылтайшысы Е.Аймағамбетов коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында Новый орта мектеп-

лицейінде жасалып жатырған іс- шаралармен, жаңадан алынған құрал-жабдықтармен танысып, мектеп- лицейдің санитарлық жағдайын көріп қайтты.



2021 жылғы 15.03-15.04. аралығында қалалық оқушылар Сарайының ұйымдастыру-көпшілік бөлімінің ұйымдастыруымен "Жас Ұлан" бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 10 жылдығына арналған "I Like Zhas Ulan" қалалық байқауына «Фотосурет» номинациясы бойынша қатысып, I орынға ие болған мектебіміздің «Жас Ұлан» ұйымының мектеп кеңесін марапатымен құттықтаймыз



Экологиялық білім беру апталығы аясында 1-5 класс оқушыларына арналған "Табиғатты қорғайық!" атты сурет байқауы ұйымдастырылды.

□□□□□□□□

Мақсаты: табиғат туралы негізгі түсінікті қалыптастыру; экологиялық мәдениетті қалыптастырып, экологиялық мәселелерге мән беріп, қоршаған ортаны сақтауға тәрбиелеу





Тема: Загрязнение воздуха
Ахметова Жазира, Мирболсынова Дарина
7 "И" класс
Руководитель: учитель биологии Татаманова Г.Б.



Тақырыбы: Шаң-тозаңдарда микроағзалардың пайда болу жолдарын анықтау

Амангелдина Шаттық
9 "а" класс оқушысы

Жетекшісі: Жангабылова С. Т



2021 жылдың 29 сәуір күні республикадағы 30 жетекші мектептің кітапханашылары «Білім берудегі мектеп кітапханасы: білім мазмұнын жаңарту жағдайындағы өзара әрекет жасаудың жаңа аспектілері» тақырыбындағы онлайн семинарда бас қосты. Үздік жетекші мектептер қатарына кіретін мектебіміз де өз жұмысын көрсетті. Семинарда Новый орта мектеп-лицей кітапханашысы М.Досмаганбетова жұмыс әдістемесімен, жаңа өзара әрекет ету жолдарымен және «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асырудағы іс-тәжірбиесімен бөлісті.




2021 жылдың 29 сәуірінде 5-6 "және" сыныптарда тренинг сабақ өтті. "Ертегі терапиясы" тақырыбында. Ертегі терапиясының мақсаты-адамның шығармашылық бастамасын жандандыру, өзінің ішкі әлемінің тереңдігін ашу, оның өзін-өзі тануын дамыту, негізгі психологиялық ұғымдармен танысу. Ертегі терапиясының негізгі міндеті-адамның ішкі әлемін үйлестіру. Ертегі терапиясының міндеттері 1. Балалардағы мазасыздық пен агрессивтілік деңгейінің төмендеуі. 2. Қиындықтар мен қорқыныштарды жеңу қабілетін дамыту. 3. Шығармашылық қабілеттерін анықтау және қолдау. 4. Эмоцияларды конструктивті білдіру дағдыларын қалыптастыру. 5. Эмоционалды реттеу және табиғи қарым-қатынас қабілеттерін дамыту. Оқушылар кері байланысқа белсенді қатысты. Мектеп психологтары: А. Султашева, М. Мулдагазина

2021 жылдың 30 сәуір күні барлық класта "1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күніне" орай бірыңғай тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты:

□ Халықтар арасындағы достықты нығайту, осы мақсатта оқушылардың достық қарым-қатынастарын қалыптастыруды жалғастыру □ Қазақстанның өркендеуіне достық арқылы өз үлестерін қосуға баулу.



2021 жылдың 7 мамыр күні Новый орта мектеп- лицейінің оқушылары Ұлы Отан соғысының ардагері, 101 атқыштар дивизиясынан қалған соңғы жауынгері Бекмағамбетов Сатылған атайды мерекесімен құттықтап, қария тұратын үйдің ауласында мерекелік концерт ұйымдастырды. Кеш соңында қария оқушыларға батасын беріп, қарияның ұрпақтары ардагердің соғыс жылдары өміріндегі деректерімен бөлісті. Бұл күннің оқушылар үшін тәлімдік маңызы зор болды.



2021 жылдың 8 мамыр күні Новый орта мектеп-лицейі оқушыларының түнгі қозғалысын бақылау мақсатында "Тәртіп сақшылары" отрядының мүшелері мен класс жетекшілер рейд жүргізіп, елдімекенде орналасқан дүкен, дүңгіршек, мейрамхана және көпқабатты үйлерді аралады.





Халықаралық отбасы күні мерекесі қарсаңында 2021 жылдың 14 мамыр күні Новый орта мектеп- лицейінің оқушылары "Анаға тағзым" рухани-адамгершілік орталығының ғимаратында мектеп- лицейіндегі үлгілі, өнегелі отбасылармен кездесу ұйымдастырып, оларға мерекелік көңіл- күй сыйлады. Кеш барысында Ақтөбе қаласы әкімі жанындағы "Әйелдер істері және отбасылық- демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы Жылқыбаева Нұрсәуле Ермакқызы аталған отбасыларды мерекемен құттықтап, қала әкімі атынан Алғыс хатпен марапаттады.





2021 жылдың 19- мамыры күні Новый орта мектеп- лицейінің ұстаздары мен оқушылары "Анаға тағзым" рухани- адамгершілік тәрбие беру орталығына барып, "Қыздарға әсемдік жарасады" тақырыбында танымдық сабақ өткізді. Кеш барысында мектеп- лицейдің "Дәмежан апайды тыңдаймыз!" жобасының жетекшісі Д.Қыстаубаева, "Ұлттық қолөнер- ұлт қазынасы" жобасының жетекшісі С.Қойшығұлова қыз бала тәрбиесі, қолөнер бұйымдарының қыз балалар үшін маңыздылығы тақырыптары аясында сұхбат жүргізіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді.



Новый орта мектеп- лицейінде "Сәт сапар, жас түлек-2021" атты мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты жиын санитарлық нормаларды сақтай отырып, мектеп ауласында ұйымдастырылды. Салтанатты жиынға облыстық білім басқармасының басшысы Батырхан Жолдас Нұрланұлы, қалалық білім бөлімінің басшысы Қосымбаева Метгуль Ораққызы және мектеп- лицей қамқоршылық кеңесінің мүшесі Аймағамбетов Еділ Қонайұлы қатысты. Облыстық білім басқармасының басшысы Батырхан Жолдас Нұрланұлы жас түлектерге сәт сапар тілеп, жылы лебізін арнады.



